

СТ 80

Ceresit

КӨБІКПОЛИСТИРОЛ ЖӘНЕ МИНЕРАЛМАҚТА ТАҚТАЛАРҒА АРНАЛҒАН СЫЛАҚ-ЖЕЛІМ ҚОСПАСЫ

Көбікполистирол және минералмақта тақталарға арналған сылақ-желім қоспасы

ҚАСИЕТТЕРІ

- әмбебап (көбікполистирол және минералмақта тақталарына арналған);
- эластификатталған;
- бу өткізбейтін;
- атмосфералық әсерлерге төзімді;
- жылытқыштың минералдық негіздеріне және тақталарына жоғары жабысулығы бар;
- сырғып түсуге төзімді;
- экологиялық қауіпсіз.



ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

CERESIT ST80 көбікполистирол (КПС) және минералмақта (ММ) жылу оқшаулағыш тақталарды минералдық негіздерде бекітуге және объектердің қасбеттерін жылытқан кезде оларда негізгі сылақ қабатын құруға арналған.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Жылу оқшаулағыш тақталарды бекіткен кезде:

Негіз құрғақ, бекем, тегіс, шаңнан және басқа ластанулардан тазартылған болуға тиіс. Бекем емес учаскелерді және боялған жабындарды жою керек. Негізді тегістеу үшін СТ 29 сылақ қоспаларын пайдалану ұсынылады. Қатты сіңіргіш негіздерді СТ 17 астарымен өңдеу керек.

Негізгі сылақ қабатын жасаған кезде:

Жылу оқшаулағыш тақталар түйскен орындарда бұдырлар болған кезде оларды ажарлап шаңсыздандыру керек. Экструдерленген көбікполистиролдан тұратын тақталардың монтаждау және алды беттерін (жертөлелерді және іргетастарды жылытқан кезде) ірі егеуқұм қағазымен бұдырлатып шаңсыздандыру керек.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Қоспаны дайындау үшін температурасы +15-тен +20°C дейін таза судың өлшенген көлемін алыңыз. Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығаруын көздеп, суға аздап қосады. Араластыруды миксермен немесе саптамасы бар бұрғымен 400—800 айн/мин айналу жылдамдығымен жүргізеді. Сосын қоспа пісу үшін шамамен 5 минут технологиялық үзіліс ұстайды және тағы бір рет араластырады.

Жылу оқшаулағыш тақталарды бекіту:

Минералмақта тақталардың бетін қоспаны жағар алдында дәл сол қоспаның жіңішке қабатымен астарлау қажет. Қолдануға дайын қоспаны қалақшамен тақтаның бүкіл периметрі бойынша ені 5-8 см



және қалыңдығы 1-2 см жолақпен шеттерінен 2-3 см шегініп және қосымша тақтаның орта жағында 3-6 "кулич" қалдырып жағады. Тақта контуры бойынша жағылатын қоспа жолағында ауа тығындарының пайда болуын болдырмау үшін үзілулер болуға тиіс. Тақтаны қысқаннан кейін қоспаның жабысулы байланыстың ауданы кем дегенде 40% құруға тиіс.

Негіздің 5 мм кем бұдырлар болған кезде қоспаны бүкіл тақтаның бетіне шеттерден 2-3 шегініп тісінің өлшемі 10-12 мм тісті қалақшамен жағады.

Бірден қоспаны жаққаннан кейін жылу оқшаулағыш тақталарды жобалық күйіне тігістерді Т-тәрізді байлап бір-біріне тығыз орнатады. Тақталар арасындағы ені 2 мм асатын саңылауларды жылытқыш жолақтарымен толтыру қажет. Дюбельдермен бекітуді және негізгі сылақ қабатын құруды жылуоқшаулағыш тақталарды жабыстырғаннан кейін 3 тәуліктен ерте емес орындауға болады.

Негізгі сылақ қабатын құру:

Қолдануға дайын қоспаны жылтыр болат үккішпен жылу оқшаулағыш тақталардың бетіне қалыңдығы 2-3 мм тегіс қабатпен жағады. Сосын тарақты құрылымды болат тісінің өлшемі 6 мм тісті жыртылай үккішпен пішіндейді.

Қоспаның жаңа жағылған қабатына сілтіге төзімді шыны талшықтан жасалған кем дегенде 10 см айқас салынған қасбеттік торды төсеңіз және оны сылақ қабатына батырыңыз. Бірден қалыңдығы 3 мм дейін қоспаның екінші қабатын жағады, оны тор бетте көрінбейтіндей жазады. Торды тікелей жылытқыштың тақталарына салуға болмайды!

Сылақ қабатын ажарлауға шамамен 1 тәуліктен кейін, ал сәндік сылақтарды жағуға - оны құрғаннан кейін шамамен 3 тәуліктен ерте емес кірісуге болады.

Желімнің жаңа қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендерін - тек механикалық түрде кетіруге болады.

ҰСЫНЫМДАР

Жұмыстарды ауаның және негіздің температурасы +5-тен +30°C дейін болған кезде орындау керек. Күн

Henkel

Кәсіпқойларға арналған сапа

сәулелері тікелей әсер еткен кезде, қатты жел болған кезде, сондай-ақ жаңбыр уақытында және жаңбырдан кейін су болған беттерде жұмыстарды орындауға тыйым салынады. Монтаждау уақытында жүйенің бетіне және ішіне су түсуін болдырмау үшін шаралар қолдану қажет. Сылақ қабатын жаңбырдан, жылдам кебуден және температураның оны дайындағаннан кейін 3 тәулік ішінде +5°C төмен төмендеуінен сақтандыру қажет.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМА

Ceresit СТ80 құрғақ қоспасы 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Құрамы: минерал толтырғыштары мен қоспалары бар полимерцементтік қоспа	
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	1,4±0,1 кг/дм ³
Қозғалғыштығы бойынша маркасы:	Пк3 (10,0 ±2,0 см)
Араластыруға арналған судың көлемі:	25 кг құрғақ қоспаға шамамен 5,0 - 5,25 л
Қолдануға дайын қоспаның тығыздығы:	1,65 ± 0,1 кг/дм ³ кем дегенде 2 сағат
Ерітінді қоспасын тұтыну уақыты:	кем дегенде 15 минут.
Ашық уақыты:	+5 °С-тан +30°С-қа
Ерітінді қоспасын қолдану температурасы:	-50 °С-тан +70 °С-қа дейін
Пайдалану температурасы:	кем дегенде 0,5 МПа
Бетон негізбен тұтасу (жабысу) беріктігі бойынша классы:	
Аязға төзімділігі:	кем дегенде 100 цикл
Бу өткізгіштігі:	кем дегенде 0,035 мг/(м·сағ·Па)
Қысуға беріктік шегі (28 тәуліктен кейін):	кем дегенде 4 МПа
Құрғақ қоспаның шығыны*:	
- тақталарды жабыстыру:	шамамен 6,0 кг/м ²
- қорғаушы арматураланған қабатты құру:	шамамен 5,5 – 6,0 кг/м ²
<i>*Тақталарды бекіткен кезде материал шығыны негіздің тегістігіне және жағылу тәсіліне байданысты.</i>	